

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

6D070900 – МЕТАЛЛУРГИЯ МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «05»маусымның (№ 5 хаттамасы). Алматы, ҚазҰТЗУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша) компоненттердің тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

1 курс

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Се м е ст р
1	Металлургиядағы физика-химиялық процестер модулі	БПЖ 1.1.2.1	FHZVPM	Металдарды бөліп алу редукциялық процестердің физико-химиялық заңдылықтары	3	1
2		БПЖ 1.1.2.2	TVSMS	Металдар мен қорытпаларды жоғары температурада синтездеу технологиясы	3	1
3		БПЖ 1.1.2.3	ChKS	Кешенді қосылыстардың химиясы	3	1
4		БПЖ 1.1.2.4	ChRPy _a	Ерітінділер және беттік құбылыстардың химиясы	3	1
5		БПЖ 1.1.3	FHTPM	Металлургиядағы физика-химиялық және термодинамикалық процестер	3	1
6	Сорбциялық және массаалмасу процестер модулі	БПЖ 1.1.4.1	MPMCM	Түсті металдар металлургиясындағы массаалмасу процестері	3	1
7		БПЖ 1.1.4.2	TNH	Халькогендер мен халькогенидтер технологиясы	3	1
8		БПЖ 1.1.4.3	ETCRM	Түсті және сирек металдар технологиясындағы экстракция	3	1
9		БПЖ 1.1.4.4	SPM	Металлургиядағы сорбциялық процестер	3	1
10	Өндіріс өнімдерін қайта өңдеу және арнайы материалдарды алу модулі	БПЖ 1.1.5.1	KPS _h MP	Металлургия өндірісінің шлактарын кешенді өңдеу	3	1
11		БПЖ 1.1.5.2	ITPPOCM	Түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық технологиялары	3	1
12		БПЖ 1.1.5.3	USM	Ультрадисперсті жүйелер және материалдар	3	1
13		БПЖ 1.1.5.4	IM	Инженерлік материалдар	3	1
14	Электрохимиялық процестер мен массатасымалдау модулі	БПЖ 1.1.6.1	TEIRM	Сирек металдарды электролитті бөліп алу технологиясы	3	1
15		БПЖ 1.1.6.2	TEPLM	Жеңіл металдарды электрохимиялық алу технологиясы	3	1
16		БПЖ 1.1.6.3	MTMP	Металлургиялық термодинамика және массатасымалдау	3	1
17		БПЖ 1.1.6.4	MGMS	Гетерофазалы металлургиялық жүйелердің масса алмасуы	3	1
18	Металлургиялық шикізатты өңдеу модулі	ППЖ 1.2.1.4	TPUSSMS	Құрамы күрделі қиын өңделетін металлургиялық шикізатты өңдеу технологиясы	3	2
19		ППЖ 1.2.1.1	KPVSCM	Түсті металлургияның қайталама шикізатын кешенді өңдеу	3	2
20		ППЖ 1.2.1.2	TTKPRTS	Кенді және техногендік шикізатты кешенді өңдеудің теориясы мен технологиясы	3	2
21		ППЖ 1.2.1.3	GChO	Геотехнология және химиялық байыту	3	2
22	Металлургиялық процестердің технологиялар модулі II	ППЖ 1.2.2.4	TICMOCM	Түсті металлургия қалдықтарынан түсті металдарды бөліп алу технологиясы	3	2
23		ППЖ 1.2.2.1	KTPCM	Түсті металдар өндірісіндегі кристаллофизикалық технологиялар	3	2
24		ППЖ 1.2.2.2	MR	Металлургиялық балқымалар	3	2
25		ППЖ 1.2.2.3	OM	Металдардың тотығуы	3	2
26	Ұнтақтар мен наноматериалдарды алу технологиялар модулі	ППЖ 1.2.3.1	TPNM	Наноқұрылымды материалдар алу технологиясы	3	2
27		ППЖ 1.2.3.2	TPVChPCRM	Түсті және сирек металдардың аса таза ұнтақтарын алу технологиясы	3	2
28		ППЖ	KMVS	Сулы орталарда металдар	3	2

		1.2.4.2		коррозиясы		
29		ППЖ 1.2.4.1	FRMS	Металлургиялық жүйедегі фазалық тепе-теңдік	3	2
30	Қорытпаларды алу және металлургиялық процестердің технологиялар модулі	ППЖ 1.2.5.2	PTSSMTCM	Ауыр түсті металдар металлургиясында тауарлы тұздар мен қорытпаларды алу	3	2
31		ППЖ 1.2.5.1	BMZhS	Темір мен болаттың кокссыз металлургиясы	3	2
32		ППЖ 1.2.5.3	OPM	Металлургиялық күйдіру және балқыту	3	2
33		ППЖ 1.2.5.4	EVNVS	Сулы және сусыз орталардың электролизі	3	2
34	Металлургиялық процестердің технологиялар модулі III	ППЖ 1.2.6.1	SPM	Металлургиядағы сульфидтіайдау процестері	3	2
35		ППЖ 1.2.6.4	TOHTE	Улы элементтерді жою және сақтау технологиясы	3	2
36		ППЖ 1.2.6.2	RESM	Металлургиядағы ресурсты және энергияны үнемдеу	3	2
37		ППЖ 1.2.6.3	ASPPPS	Жоғары тұтынушылық қасиеттері бар өнімдерді талдау және сертифицикаттау	3	2

FNZVPIМ Металдарды бөліп алу редукциялық процестердің физика-химиялық заңдылықтары -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процестердегі масса және жылу алмасу теориясы».

Оқыту мақсаты: Металдарды бөліп алу редукциялық процестердің физика-химиялық заңдылықтарын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Металдарды бөліп алу редукциялық процестердің физика-химиялық заңдылықтары пәні физика-химиялық металлургиялық жүйелер, газ және қатты реагенттерді қолданғанданғы физика-химиялық процестер және металдардың редукциялануының физика-химиялық негізі туралы сұрақтарды қамтиды. Металлургиялық процестердің физика-химиялық негізі металлургия мамандығының докторанттарына шикізаттарды өңдеу, металдарды алу және оларды өңдеуді қазіргі заманғы білім бері деңгейінде оқыту барысында жүйелендірілген материал ретінде қарастырылған. Негізгі ғылыми және теориялық түсініктер тереңдетілген. Металдарды қатты фазалы редукциялау процесі, соның ішінде дәстүрлі емес технологияны қолдану нақты бір процесті ұйымдастыру есептерінде мысал ретінде қарастырылған.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игергеннен кейін тотықсыздандыру процесінің мәні және металл оксидтері мен сульфидтерінің тотықсыздандыру реакциялары өтетін физика-химиялық негіздерін білуі керек. Технологиялық есептеулерді орындау және ғылыми мақалаларды ресімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Металдар мен қорытпаларды жоғары температурада синтездеу технологиясы».

TVSMS Металдар мен қорытпаларды жоғары температурада синтездеу технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияны шикізат қорлардың өңдеуін қазіргі және перспективтік технологиялар».

Оқыту мақсаты: Металдар мен қорытпаларды жоғары температурада синтездеу технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Металдар мен қорытпаларды жоғары температурада синтездеу және түсті металлургияда синтезді пайдалану масштабтары туралы түсініктеме. Вакуумды кварцты ыдыстарда түсті металдарды және олардың тотықты немесе сульфидті қосылыстарын дайындаудың әдістері мен технологиясы, оларды әрі қарай температуралық синтездеу жолдары. Іріленген зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда металдар мен олардың қосылыстарын синтездеу үшін пайдаланылатын жабдықтар. Жоғары температуралы синтездеуді жүргізу кезінде металдар мен олардың

қосылыстарының конденсациялуына температураның, булы газ қоспасының құрамының тәуелділігі.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игергеннен кейін металдар және қорытпаларды жоғары температуралы синтездеудің физика-химиялық мәнін білуі керек. Зерттеу жұмыстарын жүргізе білуі және металдар мен қорытпалардың жоғары температурада алынған деректерін талдай білуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Түсті металдар металлургиясындағы массаалмасу процестері».

ChKS Кешенді қосылыстардың химиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Химия»

Оқыту мақсаты: докторанттарға кешенді қосылыстар (КҚ) химиясы бойынша, КҚ-ғы химиялық байланыстың табиғаты, олардың құрылымы, ерітінділер мен қатты фазалардағы түрленуі, өнеркәсептегі, ғылым мен техникадағы КҚ қолданылуының негізгі бағыттары бойынша білім беру.

Қысқаша мазмұны: координациялық теория. Координациялық қосылыстар (КҚ) химиясының негізгі ұғымдары. Координациялық қосылыстардағы лигандылар. Изомерия координациялық қосылыстарда. КҚ химиялық байланыстардың табиғаты. Молекулярлық орбиталар әдісі. КҚ атомдар мен лигандалардың өзара әсері. КҚ химиясындағы еріткіштің рөлі. КҚ қатты фазалық түрлену. Металл – металл байланысты кешендер. π - кешендері. Ішкі кешенді қосылыстар. КҚ өнеркәсіпте, ғылым мен техникада қолданылуы.

Күтілетін нәтижелер: докторанттар КҚ химиясының заңдылықтарынан алған білімдеріне сүйене отырып нақты технологиялық есептерді шығару үшін солардың негізіндегі кешендер мен материалдарды таңдауды, координациялық қосылыстардың қасиеттері мен құрылымын білу үшін талдаудың түрлі әдістерін таңдауды жүзеге асыру керек.

Постреквизиттері: докторская диссертация.

ChRPYа Ерітінділер және беттік құбылыстар химиясы -3 кредит

Пререквизиттері: магистратура пәндері.

Оқыту мақсаты: беттік құбылыстар химиясының теориялық және тәжірибелік негіздерін зерттеу, беттік қабаттың термодинамикасы мен құрылымы.

Қысқаша мазмұны: Курсқа кіріспе. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар. Ұғым – коллоидтық химия, коллоидтық химия объектілерінің белгілері. Беттік құбылыстар сыныптамасы және дисперстік жүйелер. Коллоидтық химияның даму жолдары. Беттік қабаттың термодинамикасы мен құрылымы. Беттік қабаттың негізгі термодинамикалық параметрлері. Адсорбция және беттік керіліс. Қосарлы электрлік қабаттың түзілуі. Мицелла құрылымы. Суспензиялық эффект. Молекулааралық және фазааралық әрекеттесу. Адсорбциялық өзара әрекеттесу. ПАВ адсорбциясы. Беттік қабыршық күйі. Ион алмасу адсорбциясы. Хроматография. Дисперстік жүйелердің кинетикалық қасиеттері мен зерттеу әдістері. Седиментация және дисперстіктің седиментациялық талдауы. Еркін дисперсті жүйелердің молекулярлық-кинетикалық қасиеттері. Электрокинетикалық құбылыстар. Кеуекті денелердегі алмасу құбылысы. Қоспалардың бөлінуінің мембрандық әдістері. Дисперстік жүйелердің оптикалық қасиеттері мен зерттеу әдістері. Агрегативтік тұрақтылық және дисперстік жүйелердің коагуляциясы. Жоғарымолекулярлық қосылыстардың ерітінділері (молекулярлық коллоидтар). ДЛФО теориясы. Дисперстік жүйелердің реологиялық қасиеттері.

Күтілетін нәтижелер: докторанттар білімі: коллоидтық химия, беттік құбылыс, осы құбылыстардың құрылымы мен қасиеттері туралы; дисперстік жүйелер құрылымын заманауи әдістермен талдау; шеберлік игеру: беттік құбылыс түрлерін сыныптау және тану; әртүрлі талдау әдістерін қолдана білу.

Постреквизиттері: «Металдар тотығуы», «Металлургиядағы ресурс, энергия сақтау».

ҒНТРМ Металлургиядағы физика-химиялық және термодинамикалық процестер -3 кредит

Пререквизиттері: Metallургия процестерінің теориясы, Metallургия процестері теориясының арнайы тараулары.

Оқыту мақсаты: Пиро- және гидрометаллургиялық процестердің теориялық және технологиялық негіздері туралы жүйелі білімді нығайту.

Қысқаша мазмұны: Термодинамикалық жүйе. Жылу және жұмыс. Идеал газ. Термодинамика заңдары. Тотығу-тотықсыздану процестерінің негіздері. Тотықтар тұрақтылығы. Ерітінділі жүйелерде және химиялық қосылыстарда тотықтардың ыдырауы. Металдарды тотықтырып тазарту. Мысалдар. Металдардың қышқылсыздануы. Металлотермия. Сульфидтерді күйдіру және балқыту процестері. Шөгінділі балқыту. Сульфидті материалдарды күйдіру. Реакциялық балқыту. Мысалдар. Термодинамикалық функцияларды есептеу. Химиялық потенциал. Идеал ерітінділер. Активтілік. Ерігіштік туындысы. Тепе-теңдік константасы. Термодинамикалық шамаларды анықтау және есептеу әдістері. Тотықсызданусыз және тотығумен шаймалау. «Потенциал-рН» диаграммалары. Термодинамикалық талдау үшін «потенциал – рН» диаграммаларын қолдану мысалдары. Сұйықты экстракция. Экстракциялық процестер механизмі. Ион алмасу процестерінің негіздері. Ион алмасудың изотермалары.

Күтілетін нәтижелер: пиро- және гидрометаллургиялық технологиялармен металдарды алудың жаңа технологияларының жүйесін талдау және әзірлеуге, технологияны жетілдіруге, әртүрлі типті кенді өңдеу технологияларын негіздеуге үйрету.

Постреквизиттері: Диссертациялық жұмыс.

МРМСМ Түсті металдар металлургиясындағы массаалмасу процестері -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процестердегі масса және жылу алмасу теориясы».

Оқыту мақсаты: Түсті металдар металлургиясындағы массаалмасу процестерін оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Тотықтырғыш ортада, хлорлаушы, ұшырып, тотықсыздандырып, агломерациялап күйдіру процестерінің физика-химиялық негіздері оқытылады. Вельцтеу және қайнау қабатында күйдіру процестері қарастырылады. Пирометаллургиялық тазалау бойынша келесі процестер оқытылады: тотықтыру-тотықсыздандырушы, ликвациялық, дистилляциялық, ректификациялық, вакуумдаушы, карбонильдік, сілтілік. Металдарды пирометаллургиялық тазалау процестерінің физика-химиялық негіздері. Процестерді аппараттық безендіру қарастырылады. Пирометаллургиялық тазалау процестері бойынша зертханалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін түсті металдар металлургиясындағы массаалмасу процестерінің физика-химиялық мәнін білуі керек. Техникалық және патентік әдебиетімен жұмыс істей білуі және ғылыми баяндамалар мен мақалаларды рәсімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Халькогендер мен халькогенидтер технологиясы».

ТНН Халькогендер мен халькогенидтер технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процестер теориясының арнайы тараулары».

Оқыту мақсаты: Халькогендер мен халькогенидтер технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Пән халькогендер мен халькогенидтердің физико-химиялық қасиеттерін, термодинамикалық сипаттамаларын зерттейді, күкірткүрамды

минералдардың реакциялық қабілеттігін, олардың еріткіш реагенттерге қатысын, осы қосымдылар еруінің кинетикалық заңдылықтарын анықтайды. Полиметалды халькогенқұрамды және техногенді шикізатты өңдеудің перспективті кешенді технологиялары, құрамында алтын, күміс, сурьма, мышьяк, висмут болатын берік кендерді өңдеу ерекшеліктері, сонымен қатар селен мен теллурды электрохимиялық бөліп алу әдістері қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін полиметалды халькогенқұрамды және техногенді шикізатты өңдеудің перспективті кешенді технологияларын білуі керек. Технологиялық есептеулерді орындау және ғылыми мақалаларды ресімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Металлургия өндірісінің шлактарын кешенді өңдеу».

ETCRM Түсті және сирек металдар технологиясындағы экстракция -3 кредит

Пререквизиттері: Metallургия процестері телриясының арнайы тараулары.

Оқыту мақсаты: докторанттардың түсті және сирек металдар металлургиясында экстракциялық әдістерді қолдану және теориялық негіздерін меңгеруде білім алуы.

Қысқаша мазмұны: заманауи металлургиядағы экстракциялық әдістердің рөлі мен маңызы. Экстракция процесінің негізгі заңдылықтары. Экстракциялық процестердің сыныптамасы. Металдарды бейтарапты, катионалмастырғыш, анионалмастырғыш экстрагенттермен экстракциялау механизмі. Өртүрлі серіктестермен және өртүрлі ортада реакцияға түсу кезіндегі экстрагенттер молекуласының құрылымына тәуелді экстрагенттердің реакциялық қабілетінің өзгеру заңдылықтары. Қарқындалатын массатасымалдау жағдайларындағы процестің кинетикасын анықтаушы экстракция реакциясының молекулалық механизмін сипаттау. Синергенттік эффект механизмі. Өнеркәсіптік тағындалатын экстрагенттер және шала функционалды экстрагенттерді алу келешегі. Экстракциялық процестердің тәжірибелік жүзеге асырылуы. Экстракциялық аппараттардың типтері. Түсті және сирек металдар металлургиясында экстракциялық процестерді қолдану мысалдары. Экстракциялық процестердің даму келешегі.

Күтілетін нәтижелер: докторанттардың экстракциялық әдістерді тәжірибелік есептеулерде қолдану мүмкіндіктері, қолданыстағы технологияларды экстракцияны қолданумен жетілдіру жолдарын ұсынуды игеруі.

Постреквизиттері: докторлық диссертация.

SPM Металлургиядағы сорбциялық процестер -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургия процестерінің теориясының арнайы тараулары»

Оқыту мақсаты: докторанттардың түсті және сирек металдардың металлургиясындағы сорбциялық әдістерді қолдану мен теориялық негіздердің аумағында білім алу.

Қысқаша мазмұны: Кәзіргі заманғы гидрометаллургиядағы сорбциялық процестердің рөлі мен мәні. Өнеркәсіпке тағайындалған сорбенттер және полифункционалды иониттерді алу ерекшеліктері, олардың технологиялық қасиеттері. Сорбция процесінің негізгі заңдылықтары. Ион алмасу тепе-теңдігі. Ион алмасу кинетикасы. Сорбция механизмін зерттеу әдістері. Ионалмасу процестерін тәжірибе жүзінде іске асыру. Сулы ерітінділер мен пульпалардағы металдардың сорбциясы кезінде қолданылатын аппараттардың түрлері. Түсті және сирек металдар технологиясында қолданатын сорбциялық процестердің теориялық негіздері келтірілген. Мысты, молибденнің, галлийді, уранды, алтын мен күмісті сорбциялық бөліп алу. Асыл металдарды ионалмасу арқылы бөліп алу. Metallургияда сорбциялық процестерді қолдану мысалдары.

Күтілетін нәтижелер: докторанттардың тәжірибелік есептерді шығару кезінде ионалмасу әдістерін қолдана білуі, істегі технологияларды ионалмасу процестерін қолдана отырып ары қарай жүзеге асыру жолдарын ұсыну.

Постреквизиттер: докторлық диссертация

KPShMP Металлургия өндірісінің шлактарын кешенді өңдеу -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияның қазіргі заманғы процестері мен жабдықтары және олардың даму алғышарттары».

Оқыту мақсаты: Металлургия өндірісінің шлактарын кешенді өңдеуін оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Металлургиядағы шлактардың жыл сайынғы шығуы мен жиналуы. Түсті металлургиядағы полиметалды шикізатты қазіргі заманғы процестерімен балқытып, олардан металсыздандырылған шлактарды алу. Шлактардың физика-химиялық қасиеттері. Түсті металлургияның шлактарын пиро- және гидрометаллургиялық әдістермен өңдеу. Бастапқы өңделетін полиметалды шикізаттың химиялық және минералогиялық құрамына, металлургиялық бөлістердің технологиялық параметрлеріне түзілетін шлактардың құрамының тәуелділігі. Шлактарда түсті металдардың мөлшері және шлактармен олардың жоғалуын азайту әдістері. Металсыздандырылған шлактарды өнеркәсіптің басқа салаларында пайдалану.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін шлактардың физика-химиялық қасиеттері мен түсті металлургияның шлактарын пиро- және гидрометаллургиялық әдістерімен өңдеуін білуі керек. Технологиялық есептеулерді орындау және ғылыми мақалаларды ресімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық технологиялары».

ITPPOCM Түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық технологиялары -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияның шикізат қорлардың өңдеуін қазіргі және перспективтік технологиялар».

Оқыту мақсаты: Түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық технологияларын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарында түсті, сирек және асыл металдар мөлшері. Вакуум, табиғи газдар, сульфидтеу, хлоридтік айдау және пироселекция қолданумен түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық пирометаллургиялық әдістері. Автоклавты және үйінді сілтілеу сорбция мен экстракция процесстері, мембранды электролизерді қолдану арқылы өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық гидрометаллургиялық әдістері. Түсті металдар өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеу аппаратурасы.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін вакуум, табиғи газдар, сульфидтеу, хлоридтік айдау және пироселекция қолданумен түсті металлургия өндіріс өнімдері мен қалдықтарын өңдеудің инновациялық пирометаллургиялық әдістерін білуі керек. Техникалық және патенттік әдебиетімен жұмыс істей білуі және ғылыми баяндамалар мен мақалаларды ресімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Сирек металдарды электролитті бөліп алу технологиясы».

USM Ультрадисперсті жүйелер мен материалдар -3 кредит

Пререквизиттері: магистратура пәндері.

Оқыту мақсаты: ультрадисперсті орталар ұғымдары және теориялық негіздері туралы жүйелі білім алу, ультрадисперсті материалдарды алу әдістері.

Қысқаша мазмұны: Курсқа кіріспе. Дисперстік жүйе ұғымдары. Ультрадисперстік материалдар. Дисперстік жүйелердің агрегаттық күйі бойынша сыныпталуы. Дисперстік жүйелердің дисперстік фаза мөлшері бойынша сыныпталуы. Дисперстіктің денелердің термодинамикалық қасиеттеріне әсері. Гетерогендік жүйелердегі беттік қабаттың термодинамикалық сипаты. Дисперстіктің термодинамикалық реакциялық қабілеттілікке, фазалық алмасу температурасына әсері. Классикалық және кванттық мөлшерлік эффектілері. УД-материалдардың физика-химиялық қасиеттері. УД-материалдардың химиялық қасиеттері. Дисперстік ортаның

механикалық қасиеттері. Классикалық термодинамиканың ультрадисперстік жүйелер сипатына қолданылуы. Фазалар аралық шекарадағы физика-химиялық құбылыстар. Адгезия және сулану, адсорбция. Хемосорбция. Қосарлы электрлік қабаттың түзілуі. Электрокинетикалық құбылыс. Дисперстік жүйенің кинетикалық қасиеттері. Дисперстік жүйенің молекулярлық-кинетикалық қасиеттері. Дисперстік жүйелердегі агрегациялық процестер. Ультрадисперсті материалдарды алу әдістері. Нанодисперстік жүйелерді алудың химиялық әдістерінің ерекшеліктері. Наноқұрылымды материалдар, жұқа қабыршықтар және полимерлік нанокөміртектер. Металдардың ультрадисперсті ұнтағы, олардың қосылыстары. Көміртекті наноматериалдар. Ультрадисперсті материалдардың қолданылуы.

Күтілетін нәтижелер: докторанттардың ультрадисперсті материалдардың құрылымы, құрамы және қасиеттері туралы білім алуы; ультрадисперсті материалдарды алудың қазіргі кездегі әдістерін игеру; ультрадисперсті материалдарды алу әдісін таңдау және негіздеу шеберлігін игеру.

Постреквизиттері: «Гетерофазалық металлургиялық жүйелердегі массатасымалдану».

ІМ Инженерлік материалдар -3 кредит

Пререквизиттері: Металлургиялық процестер теориясы мен технологияларының дамуындағы замандас тенденциялары.

Оқыту мақсаты: инженерлік материалдарды алу, қара және түсті металдардың қорытпалары қандай болатыны, композициялық және ұнтақты металлургия, қорғаушы және декоративті қаптамалар туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: Инженерлік материалдардың классификациясы. металлургиялық қорытпалар туралы негізгі мағлұмат. Әртүрлі қорытпалар үшін күй диаграммалар. Қара және түсті металдардың негізіндегі қорытпаларға мысал. Перспективті конструкциялық материал ретіндегі техникалық керамика. Таза қиын балқитын металдарды алу технологиясының ерекшеліктері. Қиын балқитын металдар металлургиясының дамуы мен перспективті қолданылу тенденциялары. Қиын балқитын металдардың негізінде тұра синтез және тотықсыздандыру, газды фазадан тұндыру, электролиз әдістерімен және плазманың көмегімен материалдарды алу. Композициялық материалдарды алу әдістері және сипаттамасы. Композициялық және ұнтақты материалдардың қолданылуы. Нано өлшемдегі материалдар туралы ұғым және оларды алу технологияларының негіздері.

Күтілетін нәтижелер: Докторанттар инженерлік материалдардың алынуының технологиялық процестерінің негізгі заңдылықтарын, олардың әдістерін таңдау принциптері туралы, инженерлік материалдарды алу процестерінің аппаратуралық дайындау ерекшеліктерін білу қажет.

Постреквизиттері: Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны даярлау.

TEIRM Сирек металдарды электролитті бөліп алу технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияны шикізат қорлардың өңдеуін қазіргі және перспективтік технологиялар».

Оқыту мақсаты: Сирек металдарды электролитті бөліп алу технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Электрометаллургиялық процестердің теориясындағы негізгі заңдар мен түсініктер, гальваникалық элементтің термодинамикасы, сулы ерітінділер мен балқымалар электролизі кезінде жүретін электродтық процестердің кинетикасы оқытылады. Электрохимиялық процестердің теориясы негізінде ерітінділер мен балқымалардан электролиз арқылы сирек металдарды бөліп алудың технологиясы және аппаратурасы, технология көздейтін бағытта процестерді басқару мәселелері оқытылады. Сирек металдар электролизіндегі процестер бойынша зертханалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін

ерітінділер мен балқымалардан электролиз тәсілімен сирек металдарды алу технологиясы мен жабдықтарын білуі керек. Техникалық және патенттік әдебиетімен жұмыс істей білуі және ғылыми баяндамалар мен мақалаларды рәсімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Жеңіл металдарды электрохимиялық алу технологиясы».

TEPLM Жеңіл металдарды электрохимиялық алу технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияның қазіргі заманғы процестері мен жабдықтары және олардың даму алғышарттары».

Оқыту мақсаты: Жеңіл металдарды электрохимиялық алу технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: «Жеңіл металдарды электрохимиялық алу технологиясы» пәні жеңіл металдарды электрохимиялық бөліп алудың теориялық негіздерін, тұтқырлық, беттік керіліс, электрөткізшілікті қамтитын тұз балқымаларының физико - химиялық қасиеттерін, алюминий, магний, натрий, стронций, барий, кальцийді алудың электрохимиялық технологияларын, ұшқабаты әдіс бойынша алюминийді электролиттік тазалауды оқу үйренуді қамтиды. Бағдарлама, электролизерлер конструкциясын, жеңіл металдарды алудың технико-экономикалық көрсеткіштерін қарастырады.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін жеңіл металдарды электрохимиялық бөліп алу технологиясының негіздері мен жабдықтарын білуі керек. Ғылыми баяндамалар мен мақалаларды рәсімдеуін меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Түсті металлургия қалдықтарынан түсті металдарды бөліп алу технологиясы».

MTMP Металлургиялық термодинамика және массатасымалдау -3 кредит

Пререквизиттері: Металлургиялық процестер теориясының арнайы тараулары.

Оқыту мақсаты: химиялық термодинамиканың классикалық курстарының, массатасымалдау мен кинетикаларының негізінде құралған металлургиялық процестер мен жүйедегі термодинамика мен массатасымалдау құбылыстары туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: Металлургиялық термодинамиканың негізгі ұғымдары. Термохимия және олардың металлургия процестері үшін қолданылуы. Термодинамика заңдары. Агрегаттық айналым термодинамикасы. Термодинамикалық потенциал және Гельмгольц бос энергиясы. Жылусыйымдылық және оның металлургиядағы ролі. Ликвациялық процестердің термодинамикасы және кинетикасы. Булану, айдау және конденсациялау процестерінің термодинамикасы. Массатасымалдау процестерінің жалпы сипаттамасы мен классификациясы. Фазадағы массатасымалдаудың кинетикасы. Қатты фазаның қатысуымен массатасымалдау. Экстракция және ионалмасу процестерінің массатасымалдануы мен кинетикасы.

Күтілетін нәтижелер: Докторанттар технологиялық процестердің жүруінің негізгі термодинамикалық заңдылықтарын, массатасымалдау құбылыстары туралы білімнің негізінде металды алу әдістерін және қажетті қондырғыны таңдау принциптері туралы білім алып шығу керек.

Постреквизиттері: Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны даярлау.

MGMS Гетерофазалы металлургиялық жүйелердің масса алмасуы -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процесс теориясының арнайы бөлімі», «Металлургиялық кинетиканың арнайы тараулары».

Оқыту мақсаты: бір немесе (және) бір неше түрлі фаза аралығында заттың (масса) тасымалдануы жөнінде білім меңгеру.

Қысқаша мазмұны: масса алмасудың жалпы сипаттамасы және оның түрлері мен кезеңдері. Фаза ережелері. Тепе- теңдік сызығы. Жүйелері: газ – сұйықтық, бу-сұйықтық, сұйытық-сұйықтық, сұйықтық-қатты, қатты-қатты. Масса алу және масса

беру коэффициенттерін есептеу. Масса беру процесінде фазада концентрацияның таралу сұлбасы. Масса алмасу процесінің үлгісі (Льюса-Уитмен, Ландау-Левич). Орташа қозғау күші. Беру бірлігінің саны. Беру бірлігінің биіктігі. Оладың анықтамасы. Молекулярлық диффузия. Турбуленттік диффузия. Конвективті алмасу.

Күтілетін нәтижелер: масса алмасу процесі үшін өткізу қабілеттігі және шектеу сатыларын бағалай білу; фазаның концентрация, тепе-тендік және кинетикасын анықтау; масса алмасу үшін орташа қозғау күшін, масса алмасу коэффициентін, материалдық балансын есептеу.

Постреквизиттері: «Металлургиялық жүйелерде фазалық тепе-тендік», «Түсті металдар өндірісінің кристалл-физикалық технологиясы».

TPUSSMS Құрамы күрделі қиын өңделетін металлургиялық шикізатты өңдеу технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Полиметалды шикізатты кешенді өңдеу негіздері».

Оқыту мақсаты: Құрамы күрделі қиын өңделетін металлургиялық шикізатты өңдеу технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Құрамы күрделі қиын өңделетін шикізаттың базасы. Құрамы күрделі қиын өңделетін шикізатты өңдеудің дәстүрлі технологиясы мен жабдықтары. Құрамы күрделі қиын өңделетін шикізаттан бағалы және ілеспелі бағалы түсті металдарды бөліп алу үшін реагенттер, жабдықтар мен технологиялық тәртіптерді таңдау. Құрамы күрделі қиын өңделетін шикізаттың құрамынан металдарды бөліп алу әдістерін сараптау және техника-экономикалық негіздеу.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін құрамы күрделі қиын өңделетін шикізаттың базасы, өңдеу технологиясы мен жабдықтарын білуі керек. Металдарды бөліп алу тәсілдерін талдау және негіздеуін меңгеруі керек.

Постреквизиттері: «Улы элементтерді жою және сақтау технологиясы».

KPVSCM Түсті металлургияның қайталама шикізатын кешенді өңдеу -3 кредит

Пререквизиттері: «Қара және түсті металлургияны шикізат қорлардың өңдеуін қазіргі және перспективтік технологиялар».

Оқыту мақсаты: Түсті металлургияның қайталама шикізатын кешенді өңдеу процестерін оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Қайталама түсті металлургияның шикізаты және оны пайдалану. Құрамында мыс бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Құрамында қорғасын бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Құрамында никель бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Құрамында мырыш бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Сынықтар мен қалдықтардан асыл металдарды бөліп алу. Құрамында қалайы бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Құрамында жеңіл және сирек металдар бар қайталама шикізатты кешенді өңдеу. Қайталама шикізатты өңдеу кезіндегі экологиялық негіздер. Қайталама түсті металлургияның даму перспективалары. Қайталама түсті металлургияда автогенді, жартылай автогенді және гидрометаллургиялық процестерді пайдалану. Қайталама түсті металлургияның өнеркәсіптерінде қалдықсыз немесе аз қалдықты технологияларды енгізу.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін құрамында Cu-, Pb-, Ni-, Zn-, Sn және асыл, жеңіл, сирек металдар бар қайталама шикізатты өңдеу технологияларын білуі керек. Қайталама түсті металлургияның даму перспективаларын талдауын меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Темір мен болаттың кокссыз металлургиясы».

ТТКРТС Кенді және техногендік шикізатты кешенді өңдеудің теориясы мен технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процестер теориясы», «Металлургиялық процестер теориясының арнайы бөлімдері»

Оқытудың мақсаты: Металлургиялық өңдеу барысында негізгі ілеспелі металдардың толығымен бөліп алынбауы мен жоғалымының негізгі себептері, теориялық

негіздері туралы түсінік беру, кәзіргі кездегі қиын байытылатын минералды және техногендік кендерді кешенді өңдеудегі перспективті процесстердің технологиялық шешімдерін және аппаратуралық жабдықталуын жүйелі түрде түсіндіру.

Қысқаша мазмұны: Металлургияның минералдық-шикізат базасы, Шлактарды қайта өңдеу, аспалы түрде балқыту процесстері. Балқымада балқыту. Комбинирленген автогендік процесстер, Автоклавты процесстер, «Потенциал – рН» диаграммаларын тұрғызу және талдау. Сорбциялық және экстракциялық процесстер. Қиын өңделетін полиметалдық шикізаттарды мыс-мырыштық кендерді, пирит концентраттарын, мышьяк құрамдас кендерді, қорғасын-мырыштың аралас кендерін өңдеудің технологияларын талдау.

Күтілетін нәтижелер: кәзіргі кездегі технологиялардың тиімділігін талдап үйрену, себептерін анықтау, процесске әсер ететін көрсеткіштерді анықтау, кері әсерлерді болдырмаудың жолын анықтау, технологияларды жетілдіру, әр түрлі кендерді өңдеу технологияларын негіздеу.

Постреквизиттері: Диссертациялық жұмыс.

GChO Геотехнология және химиялық байыту -3 кредит

Пререквизиттері: Metallургиялық процесстер теориясы мен технологияларының дамуындағы замандас тенденциялары.

Оқыту мақсаты: PhD докторанттары күрделі металлургиялық шикізатты өңдеудің геотехнологиялық әдістерінің аймағындағы білімді, және де кондицияға сәйкес келмейтін кендерді химиялық байыту аймағындағы білімді алу.

Қысқаша мазмұны: Геотехнология мен химиялық байытудың негізгі ұғымдары және терминдері. Тау жыныстары және кен шикізатын геотехнологиялық өңдеу әдістерін таңдау кезіндегі олардың қасиеттерінің әсері. Metallургиялық шикізаттың реагентті шаймалануының теориялық негіздері. Радиоактивті шикізаттың және алтынқұрамды кендердің геотехнологиялық әдістермен өңделу мысалдары. Түсті металдар кендерін бактериялық шаймалануының теориялық негіздері. Metallургиялық шикізатты байыту әдістері. Кенді және техногенді шикізатты химиялық байыту. Талғамалы ыдыраудың және кендерді химиялық байыту кезіндегі минералдардың айналуының термодинамикалық әдістері. Химиялық байытудың типтік әдістері. Химиялық байыту процесстерінде тұндыру процесстерді қолдану. Кенді шикізатты өңдеу кезіндегі геотехнология әдістері мен химиялық байытудың маңызы.

Күтілетін нәтижелер: Докторанттар геотехнологиялық процесстердің жүруінің негізгі термодинамикалық заңдылықтарын білу керек, алынатын өнімділік ерітінділерді өңдеу әдістері туралы білу қажет.

Постреквизиттер: Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны даярлау.

TICMOCM Түсті металлургия қалдықтарынан түсті металдарды бөліп алу технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: «Metallургиялық процесстер теориясының арнайы тараулары».

Оқыту мақсаты: Түсті металлургия қалдықтарынан түсті металдарды бөліп алу технологиясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Түсті металлургиядағы қалдықтардан түсті металдарды бөліп алу туралы жалпы мәліметтер. Түсті металлургияның қалдықтары мен байытудың аралық өнімдері: шандар, шлактар, кектер, шламдар, тазарту кезінде түзілетін қалдықтар, байыту қалдықтары. Түсті металдардың қалдықтарын алдын-ала өңдеу. Қалдықтардан түсті металдарды бөліп алу туралы металлургиялық өндірудің есептері. Қазіргі кездегі металлургиялық процесске және оның құрылымына қойылатын талаптар. Түсті металдарды қорғасын және мыс өндірісінің шандарынан, мырышты концентратты күйдіру кезінде түзілетін шандардан бөліп алу. Түсті металдарды мысэлектролитті, күкіртқышқылды шламдардан, шлактардан, мыс шликерлерінен, никель-кобальтті және мыс-қорғасынды шпейзалардан бөліп алу. Қорғасын-мырышты шлақ ұшырындылары

мен мырышты, мыс-кадмийлі кектерді өңдеу технологиясы. Сазбалшық өндірісінің алюминатты ерітінділері мен үйінді шламдарын өңдеу.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін түсті металлургияның қалдықтары мен байытудың аралық өнімдері және оларды алдын-ала өңдеуін білуі керек. Есептеулерді жүргізу және қалдықтардан түсті металдарды бөліп алу әдістерін талдауын меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Металлургиядағы сульфидті айдау процестері».

КТРСМ Түсті металдар өндірісіндегі кристаллофизикалық технологиялар -3 кредит

Пререквизиттері: «Металлургиялық процестер теориясының арнайы тараулары».

Оқыту мақсаты: Түсті металдар өндірісіндегі кристаллофизикалық технологияларын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Түсті металдарды тазалауға қолданылатын кристаллофизикалық әдістердің физика-химиялық негіздері. Балқымалардан кристалдаудың механизмі, таралудың тепе-теңдік және тиімді коэффициенттері, балқығыштық диаграммасы мен таралу коэффициенті арасындағы байланыс. Қалыпты бағытталған кристалдау және балқымадан монокристалды тарту кезінде құйманың ұзындық бойымен қоспалардың таралуы. Құйманың ұзындығы бойынша қоспалардың таралуы, зондық тегістеу және легірлеу, зондық балқыту кезінде құйманың тазалық дәрежесіне әртүрлі факторлардың әсері. Түсті металдарды кристаллофизикалық тазалау әдістерінің технологиясы және аппаратурасы.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді игеруден кейін түсті металдарды тазалауға қолданылатын кристаллофизикалық әдістердің физика-химиялық негіздері білуі керек. Түсті металдарды өндірудің кристаллофизикалық әдістерін талдауын меңгеруі қажет.

Постреквизиттері: «Наноқұрылымды материалдар алу технологиясы».

MR Металлургиялық балқымалар -3 кредит

Пререквизиттері: Металлургия процестері термодинамикасының арнайы тараулары

Оқыту мақсаты: металдардың балқымалардың физикалық – химиялық сипаттамаларын, қасиеттерін зерттеу, эксперименттік тәжірибеде қолдану бағытында білім алу.

Қысқаша мазмұны: Металлургиялық балқымалардың физикалық химиясы бағытындағы жұмыстардың табысты дамуы үшін, жаңа эксперименттік әдістерді кеңінен енгізе отырып, қазіргі физикалық теорияны қолдану. Өрекеттесетін фазалардың – металлургиялық балқымалардың әртүрлі термодинамикалық тұрақтыларын, кинетикалық деректерін және физика-химиялық сипаттамаларын зерттеу, жаңа металлургиялық процестердің сандық бағалануын зерделеу және тиімді технологиялық сұлбаларды келтіру. Күрделі металлургиялық жүйелерді зерттеуде теориялық білімді және ғылыми әдебиеттерді қолдану. Физика – химиялық эксперименттің қазіргі деңгейін зерттеуде жаңа зерттеу жұмыстарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер: металдар мен қорытпалардың балқу процесін болжау үшін металлургиялық тәжірибедегі заманауи теорияларға сәйкес процестердің заңдылықтары бойынша білімдерін пайдалануды игеру.

Постреквизиттері: Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны даярлау.

ОМ Металдардың тотығуы -3 кредит

Пререквизиттер: Металлургиялық процестер теориясының арнайы тараулары.

Оқыту мақсаты: металдардың тотығу теориясының ішіндегі жұмыстарды табысты дамыту үшін ең жаңа деген эксперименттік әдістерін кеңінен еңгізумен замандас физикалық теорияларды пайдалануды үйрету.

